

**Ақтөбе облыстық мәслихатының
Ш Е Ш І М І**

Ақтөбе қаласы

№30

2021 жылғы 17 мамыр

Облыстық мәслихаттың кезекті үшінші сессиясы жалпы отырысының күн тәртібі туралы

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы №148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6-бабына сәйкес, Ақтөбе облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

Облыстық мәслихаттың кезекті үшінші сессиясы жалпы отырысының күн тәртібіне мынадай мәселелер енгізілсін:

1. 2020 жылғы облыстық бюджеттің атқарылуы туралы облыс әкімдігінің есебі.

1) 2020 жылғы облыстық бюджеттің атқарылуы және әлеуметтік-экономикалық даму болжамында қабылданған салық-бюджет саясатының негізгі бағыттарының іске асырылуы туралы облыс әкімдігінің баяндамасы.

Баяндамашы: Н.А.Өнербаев - қаржы басқармасының басшысы

2) 2020 жылғы облыстық бюджеттің атқарылуын бақылау нәтижелері бойынша Тексеру комиссиясының баяндамасы туралы.

Баяндамашы: С.Еңсегенұлы - Ақтөбе облысы бойынша тексеру комиссиясының төрағасы

3) 2020 жылғы облыстық бюджеттің атқарылуы туралы есеп бойынша бюджет, экономика, өнеркәсіп және кәсіпкерлік жөніндегі тұрақты комиссияның қорытындысы.

Хабарламашы: С.П.Шынтасова – облыстық мәслихаттың бюджет, экономика, өнеркәсіп және кәсіпкерлік жөніндегі тұрақты комиссиясының төрайымы

2. Облыстық мәслихаттың 2020 жылғы 11 желтоқсандағы №574 «2021-2023 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.

Хабарламашы: Г.Р.Сүйінтаева - экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасының басшысы

3. Ақтөбе қаласының әлеуметтік мәні бар қатынастарының тізбесін айқындау туралы.

4. Ақтөбе облысы Темір және Байғанин аудандарының әкімшілік-аумақтық құрылысындағы өзгерістер туралы.

5. Ақтөбе облысы әкімдігінің және мәслихатының 2011 жылғы 12 қазандағы №328/415 «Ақтөбе облысы бойынша жер учаскелері жеке

меншікке берілген кезде олар үшін төлемақының базалық ставкаларын белгілеу туралы» бірлескен қаулысына және шешіміне өзгерістер енгізу туралы.

6. Облыстық мәслихаттың 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №349 «Ақтөбе облысының қалалары мен елді мекендерінің аумақтарында жасыл екпелерді күтіп-ұстаудың және қорғаудың Қағидаларын, абаттандырудың Қағидаларын бекіту туралы» шешіміне өзгеріс енгізу туралы.

7. Ақтөбе облысының ауылдық жеріне және кенттеріне, аудандық маңызы бар қалаларына жұмысқа жіберілген медицина және фармацевтика қызметкерлерін әлеуметтік қолдау шараларының жүйесін, сондай-ақ оларға бюджет қаражаты есебінен әлеуметтік қолдау көрсету тәртібі мен мөлшерін айқындау туралы.

8. Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде жоғары технологиялық медициналық көрсетілетін қызметтерді және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық көмекті алу үшін Ақтөбе облысында тұратын Қазақстан Республикасының азаматтарына тұрақты тұратын елді мекеннен тысқары жерлерге тегін жол жүруді ұсыну туралы.

9. Қазақстан Республикасы азаматтарының жекелеген санаттарына амбулаториялық емдеу кезінде тегін шарттармен тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін, оның ішінде дәрілік заттарды, арнайы емдік өнімдерді, медициналық бұйымдарды қосымша беру туралы.

10. Облыс әкімдігінің дербес құрамы туралы.

11. Облыстық мәслихаттың 2012 жылғы 27 шілдедегі №48 «Кәметке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі облыстық комиссияның дербес құрамы туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы.

12. Облыстық мәслихаттың 2020 жылғы 5 маусымдағы №546 «Облыс әкімі жанындағы әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссияның дербес құрамы туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы.

13. Облыстық мәслихаттың кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы.

14. Облыстық мәслихаттың 2018 жылғы 22 мамырдағы №293 «Ақтөбе облысы үшін 2018-2025 жылдарға арналған қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштерін бекіту туралы» шешімінің күші жойылды деп тану туралы.

15. Облыстық мәслихаттың 2018 жылғы 10 желтоқсандағы №363 «Облыстық жер комиссиясының ережесін және дербес құрамын бекіту туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы.

16. Облыстық мәслихаттың 2019 жылғы 14 қаңтардағы №370 «Ақтөбе облыстық аумақтық сайлау комиссиясының мүшелерін сайлау туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы.

17. Ақтөбе облыстық мәслихатының Регламенті туралы.

18. Облыстық мәслихаттың депутаттық өкілеттіктер және этика, заңдылық, құқық тәртібі мәселелері және жұртшылықпен жұмыс жөніндегі тұрақты комиссиясы қызметінің мәселелері бойынша кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы.

19. Облыстық мәслихаттың 2021 жылғы 24 ақпандағы №28 «Облыстық мәслихат аппаратының құрылымы және штаттық кестесі туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы.

20. Облыстық мәслихаттың кезекті сессиясының күн тәртібі мен төрағасы туралы.

**Облыстық мәслихаттың
сессия төрағасы**

**Облыстық
мәслихаттың хатшысы**

А. АЙТЖАНОВ

А. НУГМАНОВ